



Өтебеков С.

**МӨЛШЕР-КӨЛЕМ
КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ
ӨЛЕҢДЕГІ СИПАТЫ**

В статье рассматривается поэтическая роль категории числа, которая составляет определенное функционально-семантическое поле.

Poetic role of category of numbers, which form definite functional-semantic field is considered in given article.

Миындағы мүгедек ойларыңды мазак қып,
Будақтайды мұржалар алып алған азаттық
[М. 17] деген өлең жолдарындағы әдетте етістікті баяндауыш деп ғана қаралатын *будақтайды* сөзінің сан-мөлшер функциональдық-семантикалық өрісінің етістікті түрі екендігіне көңіл бөле бермейміз. Осындағы *будақ* сын есімінен туындаған *будақтайды* етістігі өлеңде көптік мағына беріп тұр деуге болады. Бірақ, мөлшер-көлем категориясының бір көрінісі *будақтайды* етістігінің көптік белгісі *бардыңдар, келдіңдер* деген секілді көптік жалғаулы сан-мөлшерді білдіруші етістіктерден мүлде бөлек. *Бардыңдар, келдіңдер* – деген көптік жалғаулы етістігінің көптік мағынасы қосымша арқылы танылса, ал *бу, будақ, будақтау, будақтайды* – сөздерінде санауға келмейді, бірақ, түбір күйі лексикалық көптік мағыналары бар.

Өн салдын үніңді әсем үзілдіріп,
Тісіңді ақ маржандай *мізілдіріп* [Иср. Сап. 92].

Жазайын ақ қағазға *мізілдіріп* [Иср. Сап. 92], - деген жолдарда тістің санын немесе көптік жалғауы берілмейді, алайда оның бірнешеу екендігін түсінеміз. Яғни, *мізілдіріп, мізілдіру* етістігін жалғыз, бір ғана затқа немесе құбылысқа байланыстырмайтындығын аңғаруға болады.

Жалпы, белгісіздік заттық мөлшер-сан-көлем функциональды-семантикалық өрісі болжалдық мөлшер, белгісіз көптік, жиынтық бөлшектік, санауға келу және санауға келмеу мағыналарынан тұрады, демек, мөлшер-көлем функциональды-семантикалық өрісі логикалық және математикалық мөлшер ұғымдарына негізделеді. Өріс біржағынан морфологиялық сан категориясына; екінші жағына: сан есімдерге, мөлшер мәнді әр түрлі сөз таптарына, сөз тіркестеріне сүйенеді және жоғарыдағыдай етістікті предикаттар арқылы да көрінеді.

Мақаламызды біз мөлшер-көлем құрылымының орталығы (ядрасы) есептік сан есім категориясының, ақындар тіліндегі алуан түрлі қолданысынан бастауымызға тура келеді. Бірақ, грамматикалық сан-мөлшер категориясы сөз табы ретінде қаралатын сан есімдерге тән категория емес [1.345] деген ереже де бар. Сонда да болса кейде сан есімдердің де белгісіз көптік формада қолданылатын шағы өте көп кездеседі. Оны мынадай мысалдармен дәлелдеуге болады:

Кетпес, сірә, есіңнен,

Мың қуаныш, *жүз* айбын [Тұм.Молд.12].

Басталған кезі соғыстың,

Мың түрлі қауіп әр баста [Тұм.Молд.17].

Сұмдардың есерлігі – өлтірмейді,



Мындардың өлтіреді – мешелдігі [Әбд. Жар.13].

Алып Абай «*мыңмен* жалғыз алысса»,

Мыңның бірі – қол жұмсаған Оразбай [Әбд. Жар.26].

Жарқыл қағып көрінетін көзге *мың* [Әбд. Жар.323].

Жүрегімнен *жүз* бұтақ өріп шығып,

Айналып кетсе, шіркін, талға денем [Қ. 11].

Жауырынымнан сан *мың* ине соғысып,

Жан өртеніп ысқышынан шок ұшып [05,09,95].

Күйін шертіп күйіктін,

Уын іштім *мың* мұңның [05,09,95].

Мың байлаусыз, түйіні без дүние [03,02,98].

Түн қарап тұрды тамсанып,

Мыңдаған кара көзімен [Қ. 16].

Осындағы астарлап бейнелеу ауыспалы туынды мағына да жеткізілген *жүз*, *мың*, *мыңдаған* – сан есімдерінің ұғымы *өте көп* дегенді меңзеп тұрғандығы сөзсіз. Себебі, көркемдегіш құралдардың бірі синекдоханын көріністері *жүз*, *мың*, *мыңдаған* – дегендер өлеңдерде нақтылықты, нақты санын дәлелдеп тұрған жоқ. Сондықтан да, бұл құбылысты мөлшер-көлем категориясының бір түрі деп қарауға тура келеді. Бұл жөнінде, Н. Д. Дизенконың айтуынша метафораланған ауыспалы мағыналы сөздердің түрлері, математикалық ауыспалы сөздер, метафораланған мөлшер-көлемдік мағына беретін зат есімдердің синтаксистік құрылымдарға түсуі сандық метафораланудың семантикалық табиғатын көрсетеді [3.17].

Ақындар кейбір сандық көрсеткіштерді аздықты, қысқалықты таныту мақсатында жұмсалады. Мысалы:

Бақыт болды *бес тиың*, сен де алтынның құлы ма ең,

Сал одан да бақ пен сордың таңдап біріне ең [Қ. 12].

Рахатқа бола *бес күнгі*,

Ренжіте көрме ешкімді [М.М. 30].

Өлең жолдарындағы есептік *бес* сан есімімен берілсе де, өзі тіркесіп тұрған зат есімнің нақты сан-мөлшерін білдірмесе керек. *Бес тиың*, *бес күнгі* - тіркестері азырқандың, азсындың белгісін танытып тұр.

Тілімізде заттың белгісіздік мөлшер-көлем функциональды-семантикалық өрісін білдіру мақсатында әр түрлі белгілі бір грамматикалық тұлғалар қолданылады. Олар ақындардың қолданысында үнемі көрініс беріп отырмауы мүмкін емес. Мысалы:

Бақыты *кемдеу* кеудеге, тек біздің жүрек лайық [Қ. 17].

Жаратылған, о баста санасы сор, *кем* ары [Қ. 17].

Көп-көп достар жүрегімнен жоғалды [Қ. 23].

Мұнтаз *мол* ғой күн көрген [03,02,98] т.б. өлеңдердегі *кем*, *көп*, *кемдеу*, *көп-көп*, *мол* сөздері әр өлеңде әр түрлі сөйлем мүшесі қызметін атқарып тұрғанымен мөлшер-көлем категориясының белгісіздік мәнін көрсетіп тұрғандығында дау жоқ. Тілде осыған ұқсас *сан* зат есімін де белгісіз көптік мағыналы өрістерді білдіру мақсатында жиірек жұмсап жатады. Мысалы:

Іздеймін мен бүгін *сан*,

Құрт қайнатқан шешейді. [Тұм. Молд.9].

Қолымен *сан* ұрпақтың саликалы,

Қайтадан жазылады тарих әлі [Әбд. Жар. 13].

Жоғалтып алған *сан* арманның,

Жолығар сынды бірі нақ [Қ. 26].

Кейде белгісіз көптік мағынада жұмсалуда бейім *сан* сөзіне болымсыздық –*сыз* жұрнағы тіркесіп келуінен сөздің қызметі өзгеріске ұшырамай, керісінше бір-бірінің орнын баса алатын қасиеті болады. Мысалы:

Самайыма *сансыз* құрттар өрмелеп,

Сорып жатыр болмысымының бал әнін [Қ. 22].

Сансыратса *сансыз* қайғы ауыр мұң [Қ. 23].

Жалғыз жүрек мендегі, сағынышы *сансыз* көп [Қ. 12].



Логикалық тұжырым мен интонациялық бірлік бойынша, кейде сұрау есімдіктерінде поэзияда белгісіз көптік мағынада қолданушылық та бар.

Болғанмен *қанша* мұным, *қанша* қайғым,
Іздеуден бақытымды шаршамаймын [М.М.32].

Қанша уақыт, өткізіп салмағалы,
Сірә, мені сағынып қалғаны анық [М.М.36].

Қаншалық кіріскенмен жол қамына,
Жүрегім қамауда тұр торда мына [Ис. Сап.118].

Пәк, аппақ, жапалақтап жауған қарша,
Мендегі қиял *қанша*, арман *қанша* ... [Ис. Сап.6].

Бұл түнде *қанша* ғажап бар [Қ. 16].

Мен де *қанша* өзегімді өртедім,
Бұл дүниеде дерексіз [03,02,98], т.б.

Кейбір өлеңдерде санауға келмейтін заттардың немесе құбылыстардың шексіз-шетсіздігіне балап теңеу белгісін пайдаланып көптік тұрғыда жүзеге асырады. Мысалы:

Дариядай дидары мол [03,02,98].

Отыздағы отты жігіт,
Ойшыл еді *дариядай* [Тұм.Мол. 13].

Грамматикалық сан-мөлшер категориясына жататын сөз таптарының бірі есімдіктер де, әсіресе жіктік, өздік есімдіктері өлеңде алуан сипатта көрініс береді.

Мысалы:

Мен деген – тірі жанмын,
Сен елессін. [ММ. 11].
Сен сөйле Ана тілмен – ұлы тілмен! [Ис. Сап.63].
Мен – диуана, еш даңқы жоқ дарынды [03,02,98].
Сен келер-ау деп салғам жоқ кілтін есіктін,
Сен келер-ау деп тереземді ашып тастадым,
Сен келер-ау деп бір жанып, қайта өшіппін [Тұм.Мол. 139].

Тіліміздегі заттың (адамның) біреу ғана екендігін білдіретін бұл секілді тұлғалардың бірі – *жалғыз* сөзі де ақындардың тілінде үнемі белгілі бір қызмет атқарады. Мысалы:

Жалғыз жерде жалғыз ғұмыр кештім мен [03,02,98].

Мен деген есімдіктен санның абстракция жағынан ғана емес, белгілеушінің айрықша сипаты жағынан да ажыратылатын жіктеу есімдігінің көпше түрі *біз* тұлғасы [2.72] мен оның аффикстік көрсеткіші өлеңде жиі қолданылады.

Қараңызшы, ұян жігіт болып өстік біз деген,
Керек десен әлі күнге қыдырмаймыз қызбенен [М.Ш. 51].

мысалдардағы зат санының (адам санының) мөлшері белгісіз болса, кейбір жіктік жалғауының көпше түрі белгілі, нақты сандық мөлшерін көрсетеді. Мысалы:

Екеуміз де екі апаның гүліміз,
Екі әкенін тағдырының нұрымыз [М.Ш. 80].

Тіліміздегі мөлшер-көлем функциональды-семантикалық өрістің белгілі және белгісіз (немесе нақты және нақты емес) түрлерін өлеңдегі мысалдары арқылы талдар болсақ мынадай құбылыстарды көрсетуге болады. Мысалы:

Өуелеп ұшқан алты қаз [05,09,95].
Құстарын ертіп күз кетті [Қ. 19].

Мысалдың алғашқысында заттың, нақтырақ айтсақ *қаздардың* (алтау) саны көрсетіліп нақтылықты білдірсе, кейінгі мысалдағы *құстардың* саны белгісіз. Бірақ көптіктің *-тар* функциялық қосымшасы арқылы құстардың санының кемі екеу немесе екеуден артық екендігін байқаймыз.

Ақындардың өлеңдеріндегі мөлшер-көлем категориясының жалпы ғылыми (оның ішінде математикалық және философиялық) сипаты ретінде әр түрлі сан мөлшерлік мағыналы сөздердің мынадай бірнеше түрлерін айыруға болады екен.

1. Заттардың тұтас бөлінбейтін және заттардың жиынтығын немесе бөлігін білдіретін (дискретті) мөлшер. Мысалы:



Жиналған-ау жұрт тегіс,
Мықты ақындар келді деп [Тұм. Молд. 10].

Адамзаттың адам сүймес баласын,
Тойдан қайтарар тойғызып [03,02,09].

2. Санауға келетін заттардың сан-көлемін білдіретін дискретті мөлшер. Мысалы:

Көкке қарап көк бөрілер ұлиды [Қ. 21].

3. Санауға келмейтін заттардың немесе құбылыстың сан-көлемін білдіретін дискретті мөлшер.

Мысалы:

Жалғанның жалған екенін сезіп, барлығы,

Арларын сатып арсыз боп кеткен тәрізді [Қ. 21].

4. Дәл және жуық мөлшер. Мысалы:

Талмаураған тарамыс тіршіліктің,

Алпыс екі тамыры иігендей [Иср. Сап. 10].

Алпыстан асқан ананың,

Асылы кетті майданға [Тұм. Молд. 17].

Мен жиырмадан асқан еңіреу [05,09,95], т. б.

Сонымен, тілдегі әр түрлі деңгейде түрліше бірліктер арқылы көрініс беретін «сан», «көлем», «мөлшер», «көптік» мағыналы функциональды – семантикалық өрістердің поэзия аясындағы поэтикалық қызметін саралауға тырыстық. Саралау нәтижесінде өлең тілінде аталмыш өрістің аспектуальділік және компаративтілік категорияларымен астасып келуін негізге ала отырып, мөлшер-көлем функциональды-семантикалық құрылымын *заттық мөлшер*, *сапалық мөлшер* және *іс-әрекеттік мөлшер* деп топтауға болатындығын аңғардық.

Әдебиеттер:

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 1973.
2. Никитевич В. М. Грамматические категории в современном русском языке. – Москва, 1963.
3. Жұмағұлова А. Ф. Мүсірепова әңгімелерінің тілі. – Алматы, Қазақ Университеті, 2004.